



Ә.М. Оразбаевтың 95 жылдығына арналған
**«ҚАЗАҚСТАН МЕН ІРГЕЛЕС ЕЛДЕРДІҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ
ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕР МЕН ТҰРҒЫЛАР»** атты
«ІХ ОРАЗБАЕВ ОҚУЛАРЫ»
халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
I-бөлім



МАТЕРИАЛЫ
международной научно-методической конференции
«ІХ ОРАЗБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»
по теме **«СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ И ПОДХОДЫ В ИЗУЧЕНИИ
ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ КАЗАХСТАНА И СОПРЕДЕЛЬНЫХ СТРАН»**,
приуроченной к 95 летию А.М. Оразбаева
Часть I

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ
«ТАҢБАЛЫ» ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТАБИҒИ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ

Ә.М. Оразбаевтың 95 жылдығына арналған
«ҚАЗАҚСТАН МЕН ІРГЕЛЕС ЕЛДЕРДІҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫН
ЗЕРТТЕУДЕГІ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕР МЕН ТҰРҒЫЛАР» атты
«IX Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

28-29 сәуір 2017 жыл
I бөлім

PROCEEDINGS
of International Scientific and Methodical Conference
"IX Orazbayev Readings" on the theme
"MODERN METHODS AND APPROACHES IN STUDYING OF HISTORIC AND CULTURAL
HERITAGE OF KAZAKHSTAN AND THE ADJACENT COUNTRIES",
dated for the 95th anniversary of A. M. Orazbayev

28-29 April, 2017
Часть I

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-методической конференции
«IX Оразбаевские чтения» по теме
«СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ И ПОДХОДЫ В ИЗУЧЕНИИ ИСТОРИКО-
КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ КАЗАХСТАНА И СОПРЕДЕЛЬНЫХ СТРАН»,
приуроченной к 95 летию А.М. Оразбаева

28-29 апреля 2017 г.
Part I

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

Редакция алқасының төрағалары

Ғ.М. Мұтанов – техника ғылымдарының докторы, академик, әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің ректоры

Әлімбай Нұрсан – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің
директоры, профессор

Редакциялық алқа:

Т.С. Рамазанов – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми-инновациялық жұмысы жөніндегі проректоры, ф.-м.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі;

М.С. Ноғайбаева – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультетінің деканы, т.ғ.к., доцент; **Ә.Т. Төлеубаев** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Археология, этнология және антропология» ғылыми-зерттеу институтының директоры, т.ғ.д., профессор; **А. Садуақасұлы** – «Таңбалы» тарихи-мәдени және табиғи мемлекеттік қорық-музейінің директоры; **Р.С. Жуматаев** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археология, этнология және музеология кафедрасының аға оқытушысы

Жауапты редактор

Ғ.Қ. Омаров – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Құрастырушы

Р.С. Жуматаев, С.Т. Сағындықова, С.А. Сапатаев

«Қазақстан мен іргелес елдердің тарихи-мәдени мұрасын зерттеудегі заманауи әдістер мен тұрғылар» атты «IX Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Ғ.Қ. Омаров. 1 бөлім. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 337 б.

ISBN 978-601-04-2343-5

Ә.М. Оразбаевтың 95 жылдығына арналған «IX Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдарының жинағына Қазақстан және іргелес өңірлердің археологиясы мен этнологиясының, музей ісінің бүгінгі күнгі өзекті мәселелеріне арналған зерттеулер енген. Материалдар жинағы археологтарға, этнологтарға, тарихшыларға және қалың көпшілікке арналған.

В сборник материалов международной научно-методической конференции «XI Оразбаевских чтения» приуроченной к 95-летию А.М. Оразбаева вошли актуальные исследования, посвященные современным проблемам археологии, этнологии музеологии Казахстана и сопредельных регионов. Материалы сборника предназначены археологам, этнологам, историкам и широкой общественности.

© Әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ, 2017

ISBN 978-601-04-2343-5

шағын төбеге салынды. Төбенің оңтүстік-батыс бөлігі ауыз суға траншея қазу кезде бүлінген. Төбе айналасында траншея қазу барысында көптеген адам сүйектері сыртқа шығып қалған болатын. Бұл жер ортағасырда Отырардың қорымы болғандығын айғақтайды.

Қазба барысында солтүстік-шығыстан оңтүстік-батыс бағытында салынған, көлемі 10x7 м келетін екі бөлмелі құрылыс орны анықталып зерттелді. Құрылыс қабырғалары қам кесектен қаланып, еденіне сынық қыштар төселген. Сыртқы есік орны оңтүстік-батысында орналасқан ауызғы бөлменің солтүстік-батыс қабырғасынан анықталды. Ауызғы бөлменің көлемі 4,4x4,4 м. Кіре-беріс сол жақта, яғни, қабірханамен ортақ қабырғаның екі бұрышында еденге орнатылған пеш пен ошақ орналасқан.

Солтүстік-шығысында орналасқан қабірхана бөлмесінің көлемі 4,3x4,6 м. Бейіт бөлменің ортасына, бас жағы солтүстік-батыс қабырғаға тақай қойылған. Қам кесектен қаланып, үстінен сабан аралас сылақпен сыланған бейіттің ұзындығы 3,70см, ені 1,45 см, сакталған биіктігі 0,4 м. Бейітті айналдырыла зияратшылар қоршап отыратын орын қалдырылған. Бейіттің аяқ жағынан қабырғаға ойылып қойылған, көлемі 1,60x50 см, биіктігі 35см келетін тек орны анықталды. Мұндай құрылыс жобаларын Арыстанбаб, т.б. кейінгі ортағасырлық кесенелерден кездестіруге болады.

Кесенеге жүргізілген қазба барысында тек аз мөлшерде ашық-жасыл түсті сыр жағылып, шыңылтырланған орта кесе мен құмыра сынықтары, қалыппен өрнектелген қақпақ сынықтары алынды. Құрылыстың мерзімі табылған заттар мен еденіне төселген қыштарға қарап XIII-XIV ғасыр аралығында салынған кесене болуы мүмкін деп жобалап отырмыз.

1. Нурмуханбетов Б. В. Могильник Кыркескен // Археологические открытия 1976 года. Издательство «Наука», Москва 1977. Стр-519.

2. Нурмуханбетов Б. В. Раскопки некрополя Кок-мардан // Археологические открытия 1977 года. Издательство «Наука», Москва 1978, Стр-519.

3. Оңтүстік Қазақстан облысы Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы. Отырар ауданы // 273-283 бб.

4. Оңтүстік Қазақстан облысы Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы. Отырар ауданы // 137 б.

5. Отчет археологической экспедиции по изучению средневековых городов Казахстана // Алматы 1991 г. Стр-77.

6. Оңтүстік Қазақстан облысы Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы. Отырар ауданы // 74 б.

7. Мүсірепов Ф. Ұлпан // Таңдамалы шығармалар. Алматы. 1980 ж. III том.

8. Ерзакович Л.Б., Нурмуханбетов Б., Ордабаев А., Подземное погребальное сооружение в Туркестане // Археологические исследования в Отраре, «Наука» КазССР. Алма-Ата 1977, Стр-59-72.

Ақымбек Е.Ш.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ШОРТӨБЕ ҚАЛАСЫ

Ортағасырлық Шортөбе қаласы Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Бұлар батыр ауылынан 0,2 км шығыста, Сортөбе ауылынан 2 км батыста орналасқан (1-сурет). Шу өзенінің оң жағасынан 0,4 км жерге орталық бөлігі жайғасқан қаланың географиялық координаттары: 43Т 516300 UTM 47471700. Қала ортағасырлық Қысмышы қаласынан 5 км оңтүстік-шығыста жатыр. Қаланың атауы шығысындағы Сортөбе ауылының атауымен қойылған болуы керек. Кезінде ауыл Шортөбе деп аталған. «Сор» немесе «шор» сөздерінің мағынасы бір-біріне ұқсас. Сор – аяқ батып кететін тұзды батпақ [1, 276 б.]. Шор – Орта Азия мен Қазақстандағы сазды құрғақ дала мен шөлде кездесетін, беті ақ жылтыр ойпаңдар [2, 402 б.]. Ауылдың атауы осы «сор» сөзімен байланысты екендігі анық. Себебі, ауылдың оңтүстік жағынан Шу өзені ағып өтеді.



1-сурет. Ортағасырлық Сортөбе қаласы. Ғарыштан түсірілген суреті (Google Earth бойынша)

Жан-жағын қоршап жатқан жыра-сайлардан бұлақ сулары ағып жатқан қала орталығы шығыстан батысқа қарай біршама созылып жатқан төбе түрінде (шахристан) сақталған. Көлемі 280x200 м., биіктігі 4-5 м (2-сурет). Төбенің солтүстік бөлігіндегі, ең биік жеріндегі төбешіктің (цитадель) көлемі 60x40 м., биіктігі 1,5-2 м (3-сурет). Қаланың орталық төбесінің айналасынан (шығыс, батыс, солтүстік бөлігінен) бірнеше жүздеген метр аумақтан құрылыс қалдықтарының орны (рабад) анық байқалады. Шығыс жағында көлемі 200x100 м. жеке төбе орналасқан. Орталық төбенің және солтүстігіндегі төбешіктің оңтүстік-шығыс жиектерін жағалай бірнеше шұңқырлардың ізі жатыр. Топырағы алынғанға ұқсайды. Төбенің шығыс бөлігіндегі шығыстан батысқа қарай созылып жатқан, көлемі 20x8 м., тереңдігі 1,2 м. болатын шұңқырға қарағанда, осы жерде құрылыс траншеясы қазылған болуы керек.



2-сурет. Ортағасырлық Шортөбе қаласы. Оңтүстік-батыстан көрінісі




3-сурет. Ортағасырлық Шортөбе қаласы. Цитадель. Оңтүстіктен көрінісі

Қала туралы алғашқы мәліметтер А.Н. Бернштамның еңбегінде кездеседі. 1940 жылдары зерттеу жұмыстарын жүргізген экспедиция орталығы Қысмышы қаласы болуы мүмкін ауылдар мен керуен сарайлардан Қарақоңыз, Дунгановское, Шортөбе және т.б. атап өтеді. Ал, Қысмышы қаласын ортағасырлық деректерде кездесетін Якалыгпен баламалайды [3, с. 27].

1953-1954 жылдары қала орнында зерттеу жүргізген П.Н. Кожемяко өз еңбегінде аталған ескерткішті Қысмышы қаласынан шығыстағы қала (5 км) деп атайды. Ол схемалық жоспарын түсіріп, үш ярустан тұратын қаланың толық сипаттамасын беріп, айналасында бекініс ізінің жоқтығын жазады (4-сурет). Көлемі мен қала жоспары бойынша айтарлықтай үлкен қоныс қалдығының мәдени қабатының қалыңдығына көңіл аударғанымен қазба жұмыстарын жүргізбейді. Ол үстіндегі құрылыс траншеялары мен сүрлемге (силос) арналған шұңқырлардан анықталған күйдірілген материалдарға қарап қаланы Х-ХІІ ғғ. жатқызады [4, с. 146-147].


1979 жылы ескерткішті Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспедициялық отряды (Алипчиев С., Байбосынов К.) зерттеді. Негізгі төбенің (шахристан мен цитадель) өлшемдерін беріп, солтүстік-батыс және оңтүстік-шығысын бойлай биіктігі 0,5 м-ге дейінгі жалдың сақталғандығын және қабырға сыртын ені 12 м., тереңдігі 5 м. ор қоршап жатқандығын айтып өтеді. Үстінде жатқан жұқа

және қалың келген сырсыз керамикалардың сынықтарына қарап, қаланы VII–XI ғғ. мерзімдейді [5, с. 78].




4-сурет. Ортағасырлық Шортөбе қаласы. Схемалық жоспары (П.Н. Кожемяко бойынша)

1984 жылы ҚазМУ-дың (ҚазҰУ) археологиялық отряды (М. Елеуов) ескерткішке зерттеу жұмыстарын жүргізеді (5-сурет). Қаланың үш бөліктен тұратын: шахристан, цитадель және рабад бөліктерін толық сипаттап, үстінен жиналған сырсыз керамикалардың: хұм, құмыра, көзе сынықтарына қарап, қаланың өмір сүру уақытын X–XII ғғ. жатқызады. Автор қаланың толық сипаттамасын, схемалық жоспары мен фотосуретін «Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің своды. Жамбыл облысы» атты еңбекте ескерткішті №421 «Шортөбе қаласы» деп береді [6, с. 196].



5-сурет. Ортағасырлық Шортөбе қаласы. Схемалық жоспары (М. Елеуов бойынша)

1986 жылы Абай атындағы ҚазПИ-дің археологиялық экспедициясы (А.Н. Марьяшев) қаланы зерттеді. Қала орнының толық сипаттамасын алып, схемалық жоспарын түсіреді (6-сурет). Үстінен қазан, табак, хұмша және ыдыс тұтқаларын жинастырады. Рабадтың шығыс бөлігін қоқыс тастайтын орынға айналғандығын, ал оңтүстік бөлігіндегі көлемі 2x1,5 м., тереңдігі шұңқырдан адам сүйегінің қалдықтары мен екі ыдыс сынықтарының шашылып жатқандығын анықтайды. Қаланы ІХ–ХІІІ ғғ. мерзімдейді. А.Н. Марьяшев пен О.И. Ишманов қала туралы мәліметтерді жоғарыда аталған Жамбыл облысының ескерткіштер жинағының №423 ескерткіші ретінде береді. Онда ескерткіш «Қала» деген атаумен көрсетілген [7, с. 196].




6-сурет. Ортағасырлық Шортөбе қаласы. Схемалық жоспары (А.Н. Марьяшев пен О.И. Ишманов бойынша)

2009 жылы «Археологическая экспертиза» ЖШС ескерткіштер Жинағының экспедициясы (С. Ақылбек, С. Пәрменқұл) қаланың координаттарын алып, фотосуретін түсіреді. Экспедиция жетекшілері 2010 жылы шыққан «Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағы. Қордай ауданы» атты еңбекке А.Н. Марьяшев пен О.И. Ишманов берген мәліметтерін сол күйінде келтіреді [8, с. 327].

М. Елеуов және А.Н. Марьяшев пен О.И. Ишманов қарастырылып отырған қаланы екі түрлі ескерткіш ретінде беруінің бірқатар себептері бар сияқты. Өйткені авторлар мәліметтерді кітапқа екі түрлі етіп берген. М. Елеуов ескерткішті ауылдың оңтүстік-шығыс шетінде деп көрсетеді. Ал, шын мәнінде ескерткіш бүгінде Бұлар батыр (бұрынғы – Заимка) ауылының шығысында, Шортөбе ауылынан 2 км батыста жатыр. Дегенмен, схемалық жоспарын және орналасқан жерінің географиялық бедерін дәл береді. А.Н. Марьяшев пен О.И. Ишманов ескерткіштің Шортөбе ауылынан 2,5 км. батыста, Заимка ауылынан 0,5 км. шығыста деп нақтырақ көрсетеді. Бірақ орналасқан жеріндегі арықтар мен жыра туралы айтылмайды. Екі мақаланың да авторларының берген сипаттамалары екі түрлі, бір-бірінен болмашы ауытқушылықпен берген. Түсірілген схемалық жоспарларында да сәйкессіздіктер бар. Мақаланың екеуі де С. Алипчиев пен К. Байбосыновтың 1982 жылы шығарған «Свод памятников истории и культуры Джамбульской области» атты еңбектеріне сілтеме берген. Бірінде №53, екіншісінде №153 ескерткіш деп берілуіне байланысты 2010 жылғы ауданның ескерткіштер Жинағына тек біреуі ғана енген сияқты. Нөмірлеріне қарайтын болсақ, №153 ескерткіштің алдындағы бір санының түсіп қалуы техникалық қателік болса керек.

2015 жылы ОҚКАЭ-нің Шу отряды (Е. Ақымбек) барлау жұмыстары кезінде қаланың бүгінгі жай-күйін анықтап, үстінен қыш материалдарды жинастырды [9, с. 25-27]. Сонымен қатар схемалық жоспарын түсірді (7-сурет)3.



7-сурет. Ортағасырлық Шортөбе қаласы. Схемалық жоспары

Ескерткіштің бетінде жатқан ыдыс сынықтары өте аз. Ал, жиналған материалдардың басым бөлігін асүйлік және асханалық ыдыстардың сынықтары құрайды.


Асүйлік ыдыстардың ішінде қазан мен көзелектің сынықтары және қазанға арналған қақпақ сынықтары бар. Жасалу технологиясы бойынша барлығы да құрамына майда құм араластырылған саздан қолмен жапсыру арқылы орындалған. Кейбір сынық бөлшектерінің қимасы бойынша арасында ауа көпіршіктері анық байқалады. Ауа көпіршіктердің кейбіреулерінен өсімдік қалдықтарының ізін көруге болады. Олар қатпарлы сызықтардан да анық көрінеді. Біразының көзелік сазы тығыз келсе, бірқатарының тығыз емес әрі жеңіл. Күйдірулері әркелкі. Бірқатарының қабырғасының қимасында орта тұсы қара, сырты қызыл қоңыр түсті болып келген. Қабырғаларының қалыңдықтары 0,7-1,2 см аралығында ауытқиды.

Сақталған ернеу бөліктеріне қарағанда, қазандардың ернеу жағы бойынша бірінің ернеуі сыртқа қарай сәл иіліп барып доғалданып, тағы біреулерінің ернеуінің ішкі жағы сыртқа қиғаш, үшбұрыштанып, қырланып, келесі біреулерінің ернеулері тік доғалданып аяқталған. Кейбір қазан ернеу асты сырт жағынан айнала саусақ ұшымен басылып, сызылып шыққан (8-сурет, 2-6).

Тегіс келген қақпақтардың сынығы бойынша бетіндегі өрнектер саусақ ұшымен сызылған және бастырылған. Бір қақпақ сынығына қарағанда, тұтқасына жалғасқан жері саусақ ұшымен айнала бастырылып, шетіне қарай саусақ ұшымен жеңіл түрде қатар басылып әсемделген.

Асханалық ыдыстардан құмыра, көзе, кесе және тағы басқалардың қабырға (көбі), ернеу, тұтқа сынықтары табылды. Құмыралардың барлығының көзелік саз құрамына минералдық қоспалар, керамика ұнтақтары (шамот) қосылып, шарықта жасалынған. Бірқатар ыдыс құрамындағы өсімдік қалдықтарының орны ауа көпіршіктеніп қалса, кейбір сынықты ауа көпіршіктер шарықта жасалу барысында қалыптасқан. Сынықтардың ішінен шарықта жасау кезінде бірнеше рет төмен жағынан жоғары қарай сазды көтеру барысында қабырғасының қатпарланғандығын қимасынан көруге болады. Қабырғасының ішкі жақтарында айнала шарықтан қалған саусақ іздері түссе, кейбіреулерінің сыртын өңдегендігі, яғни біреулерін өсімдік бумасымен (щетка), терімен ысқыландығандығы, саусақ ұштарымен тегістелгендігі байқалады. Бір ыдыс сынығы бойынша сыртын жылтыратып өңдегендігін жылтыр қоңыр қызыл түсінен көреміз. Күйдірілулерінде ауытқушылықтар байқалады, бірқатарының күйдірілуі бірқалыпты болса, келесі біреулері бірқалыпты күйдірілмеген. Түстері ашық қызыл қоңыр, қоңыр қызыл. Қабырғаларының қалыңдықтары 0,8-1,5 см.

*Зерттеу жұмыстары ҚР БҒМ ҒК Гранттық қаржыландыру аясындағы 2587/ҒФ4 «Шу өңіріндегі ортағасырлық қалалар мен қоныстардың керамикасы (VI–XIII ғ. басы)» атты тақырыпта жүргізілді.



8-сурет. Қыш ыдыстардың ернеулері

Құмыра сынықтарының ішінде, бір ыдыстың иық қабырғасының мойынға жалғасар тұсының сынығында екі қатарлы айнала сызығы бар. Келесі бір құмыраның иық қабырғасы сынығында тарақ сияқты құралмен түсірілген толқынды бес-алты қатар сызық айнала сақталған (9-сурет, 2). Шу өңіріндегі қыш ыдыстардың қабырғаларына тарақ тәрізді құралмен түсірілген өрнектерді П.Н. Кожемяко X–XII ғғ. жатқызады [4, с. 55]. Тараз қаласының X–XII ғғ. қабатынан да осындай өрнекті құмыра табылған [10, с. 149, табл. XI, 6]. Ернеу астына түсірілген толқынды өрнектері бар кең ауызды ыдыстар Отырар қаласының X–XI ғғ. қабатынан кездескен [11, с. 90, рис. 54, 10, 13]. Бір ыдыстың ернеу сынығына қарағанда, оның суағар жағының бөлшегі екендігі байқалады. Келесі бір ыдыстың мойын сынығы тар мойынды ыдыстың (құман) бөлшегі болуы керек.



9-сурет. Қыш ыдыстардың сынығы

Анықталған бір көзе сынығы бойынша көзелік сазы тығыз әрі қолмен жапсыру арқылы орындалған. Сыртын қатты затпен (тас немесе сүйек) жоғарғы жағын көлденең, ал одан төмен тігінен қатты басып, сызып өндеген. Өте сапалы жасалынғанымен, күйдірілуі бірқалыпты емес, қимасында қабырғасының ортасы қаралау сұр, ал сырты қызыл қоңыр түсті. Қабырғасының қалыңдығы 0,7-0,9 см. (9-сурет, 1).

Тұтқалардың сынығы бойынша олар үлкен, орта және шағын ыдыстарға арналғандығын көруге болады. Үлкен тұтқа сынығының сырты екі жалданған болса, орта тұтқа сынығы жалпақ, ал кішісі сопақтау келген. Кіші тұтқаның сырты (жотасы) қатты затпен басылып өңделіп, қоңыр қызыл түсті ангоб жағылған.

Шағын кесе (шыныаяқ) ернеу сынығына қарағанда, саздан шарықта өте нәзік жасалынған (8-сурет, 1). Күйдірілуі бірқалыпты, түсі ашық қызыл қоңыр. Сыртқа қарай қайтарылып барып ернеуленген. Ернеуінің диаметрі 10 см, қабырғасының қалыңдығы 0,3-0,4 см.

Бір ыдыс сынығы бойынша құрамына өсімдік қалдықтары қосылған көзелік саздан шарықта жасалынған. Сазы тығыз емес, арасында ауа көпіршіктері, жанып кеткен өсімдік қалдықтарының орны анық көрінеді. Су сіңіруі жоғары. Күйдірілуі бірқалыпты болғанымен, түсі сұр. Мұндай түстегі керамикалар сфероконус ыдыстарына тән.

Сфероконустың сынығына қарағанда тығыз саздан шарықта жасалынған ыдыстың бүйір асты қабырғасы. Себебі, төменгі жағын өткір құралмен қырнап тегістеген. Мұндай тәсіл сфероконустарды жасау барысында кеңінен қолданылған. Олардың түп жағын үшкірлеу үшін өткір құралмен кесіп немесе қырнап қалыпқа келтірген. Ыдыс сынығында ауа көпіршігі өте аз, күйдірілуі сапалы, түсі сұр. Негізінде сфероконустар Шу өңірінде XI–XII ғғ. кең таралған.

Сырлы керамикадан ыдыстың ұсақ бөлшек сынықтары табылды. Сынық бойынша шарықта сапалы жасалынған ыдыстың іші-сырты ақ түсті ангобпен суарылып, бетіне көкшіл ақ түсті сыр жағылған. Бір сынықтың бір бетіне қою қызыл қоңыр түсті сырмен өрнектер жүргізілгенге ұқсайды. Қабырғаларының қалыңдығы 0,6 см.

Хұм және хұмша ыдыстарының қабырға сынықтары ескерткіштің үстінен аз мөлшерде болса да кездеседі. Олардың көбі ленталы үлгіде жасалынған. Күйдірілулері де әртүрлі, қабырғаларының қалыңдықтары 1,2-2 см аралығында ауытқиды.

Қорытындылай келе Шу өзенінің оң жағалауында орналасқан ортағасырлық Шортөбе қаласы А.Н. Бернштам айтып өткендей, сол аймақтағы ірі қала – Қысмышы (Якалыг) қаласының карамағындағы қалалардың бірі болған секілді. Дегенмен, мықты қорғанысына, яғни айналасы орлар және жыралармен қоршалған жерге орналасуына қарай, оны стратегиялық нысан ретінде де қарастыруға болады. Табылған керамикалық материалдар бойынша үстіңгі мәдени қабаты Х–ХІІ ғғ. мерзімделетін қаланың қандай мақсатта салынғанын және өмір сүрген уақытын толық анықтау үшін археологиялық қазба жұмыстарын жүргізудің маңыздылығы жоғары. Мұны келешектегі зерттеу жұмыстары анықтайтын болады.

1 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 15-том. / Құраст.: А. Фазылжанова, Н. Оңғарбаева, Қ. Ғабитханұлы және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 13. – 752 б.

2 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 15-том. / Құраст.: А. Жаңабекова, Т. Жанұзақ, Б. Әбілқасымов және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 15. – 828 б.

3 Труды Семиреченской археологической экспедиции. Чуйская долина // МИА. – М-Л., 1950. – № 14. – 159 с. + илл.

4 Кожемяко П.Н. Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины. – Фрунзе, 1959. – 186 с.

5 Алипчиев С., Байбосынов К. Свод памятников истории и культуры Джамбульской области. – Джамбул. – 1982. – № 153. – 208 с.

6 Елеуов М.Е. Городище Шортөбе // Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Жамбылская область. – Алматы, 2002. – Т. 2. – №421. – 350 с., карты, ил.

7 Марьяшев А.Н., Ишманов О.И. Городище // Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Жамбылская область. – Алматы, 2002. – Т. 2. – №423. – 350 с., карты, ил.

8 Марьяшев А.Н., Ишманов О.И. Городище // Свод памятников истории и культуры Жамбылской области. – Алматы, 2010. – 396 с.

9 Савельева Т.В. Шу өңірінің қалалары мен қоныстарының керамикасы (VI – XIII ғ. басы) // ҚР БҒМ ҒК Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мұрағаты. – Алматы, 2015. – 83 б.

10 Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. – Алма-Ата, 1972. – 219 с.

11 Акишев К.А., Байпаков К.М., Ермакович Л.Б. Древний Отрар (Топография, стратиграфия, перспективы). – Алма-Ата, 1972. – 216 с.

Нуржанов А.А., Тулегенов А.К.

КОНЬ–ФЕНОМЕН ЦИВИЛИЗАЦИЙ ДРЕВНИХ ТЮРКОВ

В мифологии многих народов Евразии, коню принадлежит особое место, которое непосредственно связано с образом жизни древних тюрков и их мировоззрением.

Наибольшее предпочтение из всех животных древние тюрки отдавали коню. Его одухотворяли. «Нет чище существа на Земле, чем конь, нет величественнее!» В тюркском языке насчитывается сорок эпитетов, обозначающих только масть коня. Конь целиком вошел в плоть и кровь тюркского народа и отплатил им взаимностью – вывел в степь, открыл ее чарующие просторы. Собственно, вся жизнь степняка, по крайней мере, со времен хунну проходила на коне или рядом с ним. Тюрк первым понял, что, оседлав коня, он лучше увидит мир.

В мифопоэтических представлениях тюрков конь иногда символизируют мирное движение Солнца или само Солнце–кобылица источник жизни.

Древние тюрки при посвящении добрым божествам, коней кормили молоком, приговаривая: «Высокое небо–местообитание лошадей, мать Ульгень (Земля) – место нахождения женщины–матери».

Китайских монах Чжан-Цзян, посетивший в 20-х годах до н.э. Среднюю Азию, описывая область Давань, сообщает, что там много аргамаков, которые якобы имеют кровавый пот и происходят от породы небесных лошадей. Название Давань и сообщение о даванских небесных лошадях связывают

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС / ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Төлеубаев Ә.Т., Жуматаев Р.С., Шағирбаев М.С. Шілікті IV қорымындағы №7 обаның қазбасы нәтижесі.....	3
Dashkovskiy P. K., Ojiganov A. N. The new findings of burial mounds of the scythian period at the burial of inskoy dol (Western Altai).....	10
Бейсенов А.З. Орталық Қазақстан сақ дәуірі қоныстарын зерттеудің кейбір қорытындылары.....	12
Тадина Н.А. О Пазырыкском стиле национальной символики республики Алтай.....	17
Омаров Ғ.Қ., Тишкин А.А. Алтай археологиялық экспедициясының кейбір қорытындылары.....	21
Үмітқалиев Ұ.Ұ., Искаков Қ.А., Өмірбекова Ж. Қазақстан жеріндегі көне тайпалардың жерлеу дәстүріндегі мәйітті сақтау және жөнелту жолдары	27
Бисембаев А.А., Дүйсенғали М.Н., Мамедов А.М., Баиров Н.М., Амелин В.А., Бидагулов Н.Т., Фоменко А.С. Попытка применения фотограмметрии в качестве археологического метода фиксации при исследовании памятника ранних кочевников Шпаки II	35

СЕКЦИЯ I

АРХЕОЛОГИЯДАҒЫ МӘДЕНИЕТТЕР САБАҚТАСТЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ / ПРОБЛЕМА ПРЕЕМСТВЕННОСТИ КУЛЬТУР В АРХЕОЛОГИИ

Мамиров Т.Б., Куандық С.Р. История изучения неолита и энеолита Северного Приаралья.....	41
Мамиров Т.Б., Тоқсанова Г.О. Мәдени қабатты палеолит ескерткіштері ежелгі Қазақстан тарихының маңызды дерегі ретінде (Шығыс Қазақстан облысы бойынша)	43
Железняков Б.А., Садуақасұлы А., Херманн Л. Петроглифы Актерека.....	45
Усачук А.Н. Челябинский псалей	52
Мерц И.В., Мерц В.К., Ковалев А.А. Новые памятники эпохи бронзы Тарбагатайского района Восточно-Казахстанской области.....	55
Медетова Д.М., Рахимжанов Қ.Қ. Қола дәуірі: Андронов тарихи-мәдени қауымдастығы.....	58
Сапарова К.С., Хабдулина М.К. Проблемы изучения поздней бронзы Северного Казахстана.....	60
Айтқұл Х.А., Успанова М. К вопросу эпохи бронзы сопредельных территории Западного Казахстана (по материалам фондовой коллекции ЦГМ РК).....	64
Үмітқалиев Ұ.Ұ., Юмакаева Э.А., Ғайса А.М. К вопросу о ремонте скобами керамики бронзового века	66
Айдарханова Е.Е. Батыс Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштерінің зерттелу тарихы	67
Бедельбаева М.В. Знаки-символы на курганных плитах могильника Бесоба	71
Zhauymbayev S.U., Yevdokimov V.V., Kukushkin A.I., Shohatayev O.S. Workshop 1 of alat settlement (Karkaraly district of Karaganda region)	76
Сараев В.В. Древние поселения урочища Майбулак.....	78
Айтқұл Х.А. Көшпелілердің ат әбзелдеріне байланысты кейбір мәселелері (ҚР MOM-ның қор коллекциясы негізінде)	83
Қобланұлы М., Хабдулина М. К. История изучения археологии улуса Жоши.....	87
Жанұзақ Р.Ж., Дүйсенғали М.Н. Ақтөбе облысының территориясындағы ерте темір дәуірі ескерткіштерінің зерттелу тарихы (XX ғ.-дың II жартысы)	90
Сапатаев С.А. Алтай аумағындағы жылқы ауыздығы мен сулығының байланысу әдістері.....	92
Амиров Е.Ш., Сейтқалиев М.К. Новые памятники Тасмолинской культуры в павлодарском прииртышье (предварительная публикация)	96
Кучеров П.Ю., Хабдулина М. К. История изучения предметов дистанционного вооружения ранних номадов Сарыарки	98
Борисенко А.Ю., Худяков Ю.С. Бляшки с изображением антропоморфных личин и всадника-лучника из Обь-Иртышского междуречья в собрании Великой Северной Экспедиции.....	103
Vaigunakov D. Rock art of South Kazakhstan	105
Бисембаев А.А., Дүйсенғали М.Н., Мамедов А.М., Амелин В.А., Баиров Н.М., Жанұзақ Р.Ж., Серік Г.С. Работы на аварийном могильнике ранних кочевников Шпаки II в 2016 году (предварительное сообщение)	110
Амиров Е.Ш. Украшения из могильника Каратума	112
Жұматаев Р.С., Исин А.И., Шағырбаев М.С., Айтенов Ж.Қ. Шығыс Қазақстан ерте көшпелілерінің керамикасындағы өрнектер (Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейі материалдары негізінде)	115
Тулегенов Т.Ж., Чекин А.Г. Археологические исследования на Рахатском археологическом комплексе.....	123
Горячев А.А. Археологические исследования курганов раннего железного века комплекса Тургень-II в 2016 году.....	128

Білелова Г.Д., Кункашева А.Н. Ақмоладағы Есіл өңірінің этноархеологиялық ескерткештері	134
Солтобаев О.А., Иванов С.С. Исследование могильника сакского времени Бель-саз IV на Центральном Тянь-шане	137
Кенжебаева Е.Ж., Умітқалиев Ұ.Ұ. Аң стилі образдарын интерпретациялаудың кейбір мәселелері	142
Жамбулатов К.А. История изучения памятников позднесарматского времени Западного Казахстана	146
Суркова К.И. Новый памятник позднесарматского времени Южного Зауралья	150
Бесетаев Б.Б., Омаров Г.К. Предметы конского снаряжения раннего этапа скифо-сакского времени из Восточного Казахстана	152
Құрманқұлов Ж., Утубаев Ж., Сүйіндікова М. Шірік Рабат қалашығындағы ортағасырлық үй-жайға жүргізілген зерттеу жұмыстары	158
Жолдасбаев С.Ж., Жетібаев К.М., Мургабаев С.С., Бахтыбаев М.М., Арынов Қ.С., Малдыбекова Л.Ж. Ортағасырлық Сығанақ қаласында 2016 жылы жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары	161
Пәрменқұл С.Т. Сырдың орта ағысындағы жерлеу ғұрыптары немесе Отырар өңірінен анықталып отырған молаларға жүргізілген зерттеу жұмыстарына қысқаша шолу	166
Ақымбек Е.Ш. Ортағасырлық Шортөбе қаласы	168
Нуржанов А.А., Тулегенов А.К. Конь–феномен цивилизаций Древних тюрок	174
Молдасентов Н. 2011 жылы ортағасырлық Аркук қала жұртында жүргізілген қазба жұмыстары жөнінде	178
Есенов Д.Б. Арал табанындағы сыры ашылмаған қала мен кесене	182
Холбоев З.Т., Кистаубаев С.У. Жұмабабатөбе–алғашқы орта ғасырлар қыстақ мекені	185
Петров П.Н. Нумизматические находки археологического сезона 2014 года в Таразе	188
Тәжекеев Ә.Ә., Султанжанов Ж. К. Сыр бойында орналасқан қазақ мұнаралары	192
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шағырбаев М.С. Жайпақ қала аумағының зерттелу мәселесі (археологиялық қазба жұмыстарының негізінде)	195
Кожа М.Б. Позднесредневековая соборной мечеть Отрара	200
Холбоев З.Т., Валиев А.Х. Результаты исследовательских раскопок проведенных в городище Калиятепе на 1- рабаде	204
Талеев Д.А., Есенов С.М. Ортағасырлық Қысымшы қаласында 2015 жылы жүргізілген қазба жұмыстары	208
Кушекбаев Ә. Сырдарияның төменгі ағысындағы ежелгі қалалардың тәуелсіздікке дейінгі зерттелу тарихынан	213
Туякбаев М. Памятники раннего и развитого средневековья Туркестанского оазиса	217
Елеуов Е.А. Сырдарияның төменгі ағысындағы XVIII-XIX ғғ. аралығындағы мемориалды-культурлік ескерткіштердің жіктелуі	223

СЕКЦИЯ II ЭТНОЛОГИЯДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ ПЕН ДӘСТҮР / НОВОЕ И ТРАДИЦИОННОЕ В ЭТНОЛОГИИ

Қалшабаева Б.К. Шет жерлердегі казактардың марқұмды жерлеу және әрулеумен байланысты діни сенім нанымдары	227
Қалыш А.Б. Қазақстандағы некеден тыс бала туу мәселесі	231
Қалыш А.Б. Қазақстандағы некелердің жасы мен ұзақтығы бойынша Ажырасу көрсеткіштері	236
Қыйзатова С.М., Бекназаров Р. Оралмандардың отанына оралу алғышарттары туралы	243
Рахым Н., Сәрсембина Қ.Қ. «Қазақ» газеті (1913-1918 жж.) беттеріндегі этнографиялық деректер	246
Мұхатова О.Х. «Кенесары-Наурызбай» жыры туралы	251
Гарустович Г.Н. Культурная символика периода политеизма в металлопластике Башкирских этнических групп эпохи средневековья (второй половины I-первой половины II тысячелетия н.э.)	256
Жунусова М.К., Торезжанова Н. Ж. Живая сила украшений (материалы из фонда ЦГМ РК)	262
Каратаева С.К. Кыргыз тилинин тарыхын доорлорго бөлүшгүрүү маселеси	266
Аскарлов М.М. Особенности понятия род, племя, этнос, народ и нация	269
Азизбаев С.С., Турапбаев Н.Б. Кыргыз республикасынын эл аралык спорттук байланыштарынын тарыхы жана келечектеги өнүгүүсү	272
Курбанов Г. К. истории Бухарских евреев в документах XIX – начала XX вв.	275
Ербол М., Бултбаева А.З. Қазақ музыкасындағы хассак ансамблінің орны	276
Орынбекова Ә.Ө. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Түркістан өлкесінде жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстары	277
Асанканова А.А. Усиление новой волны народного движения против власти К.Бакиева (март 2008- декабрь 2008 гг.)	281
Баудиярова Қ.Б., Исаева А.И. Неке тұрақтылығындағы білім және мәдени факторлар	287
Азизбаев С.С. Становление и развитие физической культуры и спорта в Киргизской ССР (1924 – 1940 гг.)	290
Арпентьева М.Р. Исследования современных миграций	292
Атамуратова Ф.С. Национальные ценности и их роль в жизни человека и общества	296
Ушницкий В.В. Долгий путь на родину: Якутские легенды о прародителях народа	298

Есжанова Г.Б. Қазақ халқының ою-өрнек түрлері	301
Бекназаров Р.А., Умирханқызы З. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы тұрмыстық заттар (айнаның) орны.....	302
Ибадуллаева З.Ө., Узбекбай Ә.Б. Қазақ халқындағы қамшының этномәдени қызметі.....	305
Ибрашева Ш.О. Қазақстан күрдтерінің этнотілдік ерекшеліктері	308
Бекназаров Р.А., Сақан Қ.С. Қазақ қоғамындағы түйенің рөлі және тұқымдары	313
Құралай Қ.С., Кисманова Э.А. Наурыз мейрамы	315
Валиев А.Х. Эшмухамедов А. Ш. Некоторые вопросы этнологии в условиях Узбекистана	318
Валиханова Г. По вопросу миграции уйгуров на территории Ферганской долины и их расселения	320
Аманлаев А.Х., Ақчаев Ф.Ш. Святыня “Қулписар ота” – в качестве культурного наследия узбекских и казахских народов	322
Ташбаев Ф.Э., Валиев А.Х. Некоторые особенности культуры скотоводов среднего Сырдарии.....	324
Қылышбаева М.Ж. Этнология ғылымында ақпараттық технологияларды пайдалану.....	326
АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ	329